

Арыстан



Арыстан (лат. *Panthera leo*) – жыртқыш сүтқоректілер түрінің мысық тектес тұқымының (Felidae) қатарына кіретін, үлкен мысықтар тұқым тармағына (Pantherinae) жататын төрт пантер (*Panthera*) тұқымының бірі[1]. Жолбарыспен қатар қазіргі мысық тектес аңдардың ең ірісі және кейбір еркектерінің салмағы 250кг-нан асады[2]. Арыстандардың ең ірі түрлері жолбарыстардың ең ірі түрлерінен үлкен не кіші деп нақты айту қиын. Амур жолбарыстарының тарихи салмақтарының өте үлкен екендігі де нақты емес[3]. Ең ірі арыстан түрлері(мысалы барбариялық) туралы мәлімет тарихта және ғылымда жоқ. Ал қолда өскен арыстандарды алатын болсақ, олар әртүрлі тұқым түрлерімен жиі шатысып жатады. Қолда өскен арыстандар жолбарыстардан өлшемі мен салмағы көбірек болады деген пікір бар, дәл сондай оған қарсы пікір де жоқ емес. Арыстандар антикалық кезеңде және Орта ғасырда танымал болған, олар өз орындарын мүсін өнері, сурет өнері, ұлттық туларда, елтаңбаларда, әдебиетте және фильмдерден тапты



Арыстандардың тарихи мекен ету аймағы қазіргіден әлдеқайда кеңірек болған: ерте орта ғасырда арыстан Африканың шөлді далалары мен тропикалық ормандарынан басқа барлық жерінде бар еді, сонымен қоса Таяу Шығыс, Иран, тіпті кейбір Оңтүстік Еуропада (мысалы, қазіргі Ресейдің оңтүстігінде, 45-інші солтүстік параллель бойымен көтеріле бере, мекен еткен) да кездесетін. Солтүстік және Солтүстік-Батыс Үндістанда арыстан әдеттегі жыртқыш болатын. Алайда адамдардың арыстандардың артына түсуі және мекен ету аймағының құртылуы арыстандардың Африкада тек Сахараның Оңтүстігі тарапында ғана сақталуына әкеліп соқты, қазір олардың мекен ету аймағы қатты қысқарды. Азияда кішкене популяция (бірлестік) Гир орманында бар (Гуджарат үнді штатында).



ЭТИМОЛОГИЯСЫ

- Көптеген роман және латын тілдес елдерде арыстан атауы латын тіліндегі “leo” [9] немесе көне грек тіліндегі “λέων” сөзінен шыққан [10]. Алғаш болып арыстан туралы ғылыми сипаттама швед ғалымы Карл Линнейның “Systema naturae” атты жұмысында жариялады. Өз зерттеу жұмысында автор жыртқыш аңды «Felis Leo» ретінде қарастырды [12]. Panthera тектес ғылыми атауы ежелгі грек тілінен “πανθηρ”, ал бұл сөздің түп тамыры шығыс тілінен, нақтырақ айтқанда көне үнді тіліндегі жолбарыс сөзінен, “पुण्डरीकः” бастау алады.

Түрлері

- Бұрынғы дәстүрлі классификацияға байланысты арыстандарды 12 түрге бөліп қарастыруға болады. Олардың ішінде ең үлкені барбариялық арыстан болып табылады. Дәстүрлі классификацияға байланысты жануарлардың негізгі ерекшеліктері: олардың дене бітімі мен жал бейнесінде деп саналады. Алайда бұл сипаттамаларға байланысты айтарлық айырмашылықтар ерекшеленбегендіктен және арыстанның әр түрінің мекен ету аймағына байланысты өзгермелілігін ескере отырып, соңғы уақытта кейбір ғалымдар, дәстүрлі классификацияның жарты бөлігін жарамсыз деп санайды. Сол себепті, қазіргі уақытта арыстандарды тек сегіз түрге бөліп қарастыру қалыптасқан. Ескере кететін мәселе, олардың ішінде Сары арыстандары (*Panthera leo melanochaita*) есепке алынбаған. Африкада өмір сүретін арыстандардың митохондрды өзгерісі өте төмен болуына байланысты, Сахараның оңтүстік аумағын мекен ететін арыстандар бір түр болып табылады. Ал Кенияның шығыс бөлігіндегі, Цаво аймағындағы арыстандары генетикалық ұқсастықтарға қарай, Кенияның батыс аумағындағы арыстандарға қарағанда, Трансваал арыстандарына жақын болып келеді.

- Қазіргі уақытта (Голоценовая дәуірі) арыстанның 8 түрлі түрі қарастырылады:
- *Panthera Leo persica* - азиялық, парсы немесе үнді арыстаны. Бұрын ол бүкіл Түркия, Оңтүстік-Батыс Азия, Пәкістан, Үндістан және Бангладеште таралған болатын. Олардың мекен аумағы ыңғайлығына, көп таралуы және арыстанның қымбат бағалылығы браконьерлер үшін оларды оңай нысанаға айналдырды. Осының салдарынан жыртқыштың бұл түрі тек Үндістан елінде, Гирск орманында сақталған. Соңғы деректерге сүйенсек, қазіргі уақытта арыстанның бұл түрінен шамамен 300 қалды.
- *Panthera Leo Leo* – бербериялық арыстан. Шамадан тыс аң аулау салдарынан, жабайы табиғаттан жоғалған. Дегенмен кейбір араларында аман қалғандарда бар болуы әбден мүмкін. Олар арыстантардың ішіндегі ең үлкен түрілерінің бірі – ер арыстанда дене ұзындығы 3-3.3 м дейін жетеді, ал салмағы - 200 кг асады. Бербериялық арыстандар Мароккодан Египетке дейінгі аумақта таралған болатын. Соңғы жабайы бербериялық арыстан 1922 жылы Мароккода атып алынған.
- *Panthera Leo senegalensis* - Сенегал немесе Батыс Африкалық арыстан. Батыс Африка аумағында, Сенегалдан Нигерия дейінгі аралықта тараған.
- *Panthera Leo azandica* – Солтүстік Конго арыстаны. Конго Демократиялық Республикасының солтүстік-шығыс бөлігінде мекен етеді.
- *Panthera Leo nubica* - Шығыс Африкалық немесе масаи арыстаны. Мекен ету аймағы Шығыс Африканы, Эфиопия мен Кениядан Танзания және Мозамбикке дейінгі жерлерді қамтиды.
- *Panthera Leo bleyenberghi* – Оңтүстік батыс Африкалық немесе Катангиялық арыстан. Оңтүстік-Батыс Африкада елдерінде: Намибия, Ботсвана, Ангола, Заир, Замбия және Зимбабведе кең таралған.
- *Panthera Leo krugeri* - Оңтүстік-шығыс Африка немесе Трансвааль арыстаны. Таралу аймағы Оңтүстік Африка Республикасының Трансвааль аймағын қамтиды. Әсіресе Крюгер Ұлттық паркінде кең тараған.
- *Panthera Leo melanochaita* – Кап арыстаны. 1860 жылдан бері арыстаннаң бұл түрі жабайы табиғатта жоғалған болып саналады. Митохондрияльды ДНК зерттеу нәтижелері бойынша ғалымдар оны кейде бөлек түрге жатқызады. Кейбір ғалымдардың сенуінше Кап арыстаны оңтүстік Трансвааль арыстанының бір бөлігі болуы мүмкін.

